

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### БЖЗК өз салымшыларына зейнетақы төлемдерін алу қажеттігі туралы хабарлайды

«БЖЗК» АҚ зейнеткерлік жасқа (ерлер – 63 жас және одан жоғары, әйелдер – 2020 жылы 59,5 жас және одан жоғары) жеткен, Қорда зейнетақы жинақтары бар және зейнетақы төлемдерін алуға өтініш білдірмеген адамдарды БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін алуға құқылы екендіктері туралы хабарлайды. Әсіресе 59,5 жасқа былтыр толған әйелдердің назарын ерекше аударғымыз келеді. Егер олар төлем тағайындауға жыл соңына дейін жүгінбесе, мұны келесі жылы тек 60 жасқа толғаннан кейін ғана жасай алады. ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес әйелдердің зейнетке шығу жасы жыл сайын жарты жылға ұлғайып, 2027 жылы ерлермен теңесетіні белгілі.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗК-дан зейнетақы төлемдері алушы өтініш берген күннен бастап белгіленеді және зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады. Зейнеткерлік жасқа толуына байланысты бірыңғай өтініш беру үшін Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа өзіңізге ыңғайлы уақытта жүгіну қажет. Зейнетақы төлемін тағайындау туралы өтінішті зейнеткерлік жасқа толғанға дейінгі 10 күн ішінде беруге болады.

Бірыңғай өтініш негізінде алушыға Мемлекеттік кепілдік (инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма) төлеу бойынша белсенді қызмет те көрсетіледі.

БЖЗК алушылардың Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес есептелген зейнетақы төлемдерінің сомаларын Мемлекеттік корпорацияға аударады.

Ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 жылғы № 1042 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес есептелген зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екіден бір бөлігі ретінде айқындалады.

Бұл ретте ай сайынғы зейнетақы төлемінің есептелген мөлшерінің төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 54 пайызынан кем емес мөлшерде жүзеге асырылады (01.04.2020 ж. бастап – 17 640,72 теңге = 54% \* 32 668).

Егер өтініш берілген күнгі зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспайтын болса, бұл сома алушыға БЖЗК-дан бір рет біржола төленеді (01.04.2020 ж. бастап бұл сома 485 292 теңгеге тең = 12 \* 40 441).

Егер кезекті ай сайынғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін алушының ЖЗШ-ғы зейнетақы жинақтарының қалдығы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 54 пайызынан кем соманы құраса, бұл қалдық кезекті төлемнің сомасымен бірге төленеді.

Мемлекеттік корпорация БЖЗК-дан бюджет қаражаты және зейнетақы жинақтары есебінен төлемдерді алушының өтініште көрсетілген банк шоттарының біріне бір күн ішінде жүзеге асырады.

БЖЗК-дан зейнетақы жинақтарының төлемдері қазір мынадай жағдайларда:

- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткенде;
- мерзімсіз уақытқа I немесе II топтағы мүгедектік белгіленгенде;
- жерлеу және мұрагерлік;
- ерікті зейнетақы жарналары есебінен – елу жасқа толғанда, сондай-ақ, мүгедектік белгіленгенде жүзеге асырылатынын қосымша хабарлаймыз.

Зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі туралы толық ақпарат, оларды БЖЗҚ-ға ұсыну тәсіліне (өзі келген жағдайда/пошта байланысы құралдары/үшінші тұлға арқылы) байланысты қажетті құжаттар тізбесі, оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініштердің бланкілері мен оларды толтыру үлгілері, сенімхаттардың үлгілері, уәкілетті мемлекеттік органдардың түсіндірмелері БЖЗҚ-ның [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) веб-сайтында орналастырылған.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

## **ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ**

### **ЕНПФ информирует своих вкладчиков о необходимости получения пенсионных накоплений**

АО «ЕНПФ» информирует лиц, достигших пенсионного возраста (мужчины – 63 года и старше, женщины – в 2020 году 59,5 лет и старше), имеющих пенсионные накопления в Фонде и не обратившихся за получением пенсионных выплат, о праве на получение пенсионных выплат из ЕНПФ. Особенно обращаем внимание женщин, которым в уходящем году исполнилось 59,5 лет. Если они не обратятся за назначением выплат до конца года, то в следующем году они смогут сделать это только в 60 лет. Как известно, согласно закону «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» пенсионный возраст женщин каждый год повышается на полгода и в 2027 году сравняется с возрастом мужчин.

Напоминаем, что пенсионные выплаты из ЕНПФ устанавливаются со дня обращения получателя и осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений. Для подачи единого заявления в связи с достижением пенсионного возраста необходимо обратиться в НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» в соответствии с графиком работ Государственной корпорации в любое удобное время. При этом есть возможность подать заявление за 10 дней до дня наступления пенсионного возраста.

На основании единого заявления получателю будет оказана в том числе и проактивная услуга по выплате государственной гарантии (разницы между суммой фактически внесенных обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции и суммой пенсионных накоплений).

ЕНПФ переводит в государственную корпорацию суммы пенсионных выплат получателей, рассчитанные в соответствии с положениями законодательства Республики Казахстан.

Размер ежемесячной пенсионной выплаты определяется как одна двенадцатая годовой суммы пенсионных выплат, исчисленной в соответствии с Методикой осуществления расчета размера пенсионных выплат, утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 02.10.2013 года № 1042.

При этом выплата исчисленного размера ежемесячной пенсионной выплаты осуществляется в размере не менее 54 процентов от прожиточного минимума, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете (в 2020 году с 01.04.2020г. – 17 640,72 тенге = 54% \* 32 668).

В случае, если сумма пенсионных накоплений на дату обращения не превышает двенадцатикратный размер минимальной пенсии, установленный законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, данная сумма выплачивается получателю из ЕНПФ единовременно (в 2020 году с 01.04.2020г. – 485 292 тенге = 12 \* 40 441).

В случае, если остаток пенсионных накоплений на ИПС получателя после осуществления очередной ежемесячной выплаты составляет сумму менее 54 процентов от прожиточного минимума, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, данный остаток выплачивается вместе с суммой очередной выплаты.

Выплаты за счет бюджетных средств и пенсионных накоплений из ЕНПФ осуществляются Государственной корпорацией в один день и на один банковский счет получателя, указанный в заявлении.

Дополнительно информируем что выплаты пенсионных накоплений из ЕНПФ на сегодняшний день осуществляются также в случаях:

- выезда на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан;
- установления инвалидности I или II группы бессрочно;
- на погребение и наследование;
- за счет добровольных пенсионных взносов – по достижении пятидесятилетнего возраста,

а также установлении инвалидности.

Подробная информация по порядку осуществления пенсионных выплат, перечень необходимых документов в зависимости от способа их подачи в ЕНПФ (при личном обращении/через средства почтовой связи/третье лицо), требования к их оформлению, а также бланки заявлений и образцы их заполнения, образцы доверенностей, разъяснения уполномоченных государственных органов размещены на веб-сайте ЕНПФ по адресу [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)

*ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)).*